«БАЙҚОҢЫР (БАЙКОНУР)»
ӘЛЕУМЕТТІК – КӘСІПКЕРЛІК
КОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«СОЦИАЛЬНО-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ
КОРПОРАЦИЯ
«БАЙКОНЫР(БАЙКОНУР)»

120014, Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі 4,
тел/факс: 8 (7242) 70-10-99
e-mail: office_spk@mail.ru

120014, город Кызылорда, ул. Муратбаева,4
тел/факс: 8 (7242) 70-10-99
e-mail: office_spk@mail.ru

БҰЙРЫҚ

04.02.2026 № 07-Ө

04.02.2026 жылғы № 07-Ө бұйрығымен бекітілген «Байқоңыр (Байконур) » ӘКК » АҚ-ның 2026 жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізу туралы»

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 5-тармағына және «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Мемлекеттік сатып алу порталында жанар-жағармай материалдарын, атап айтқанда АИ-92, АИ-95 маркалы автобензинді (талондармен), автогазды және дизель отынын сатып алу бойынша жарияланған конкурстардың өтпей қалуына байланысты, сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу қажет, атап айтқанда:

1. АИ-92 маркалы автобензиннің жылдық жалпы көлемін 4 тоқсанға бөлу:
I тоқсан – 6 777 л × 220 тг = 1 490 940 теңге
II тоқсан – 6 778 л × 220 тг = 1 491 160 теңге
III тоқсан – 6 778 л × 220 тг = 1 491 160 теңге
IV тоқсан – 6 778 л × 220 тг = 1 491 160 теңге

Барлығы 4 тоқсан бойынша жылдық жалпы көлемі 27 111 л, 220 тг бағамен, жалпы сомасы 5 964 420 теңге (ҚҚС-сыз).

– АИ-95 маркалы автобензиннің жылдық жалпы көлемін 4 тоқсанға бөлу:
I тоқсан – 1 310 л × 260 тг = 340 600 теңге
II тоқсан – 1 305 л × 260 тг = 339 300 теңге
III тоқсан – 1 305 л × 260 тг = 339 300 теңге
IV тоқсан – 1 305 л × 260 тг = 339 300 теңге

Барлығы 4 тоқсан бойынша АИ-95 маркалы автобензиннің жылдық жалпы көлемі 5 225 л, 260 тг бағамен, жалпы сомасы 1 358 500 теңге (ҚҚС-сыз).

– Автогаздың жылдық жалпы көлемін 4 тоқсанға бөлу:
I тоқсан – 11 165 л × 96 тг = 1 071 840 теңге
II тоқсан – 11 165 л × 96 тг = 1 071 840 теңге
III тоқсан – 11 165 л × 96 тг = 1 071 840 теңге
IV тоқсан – 11 165 л × 96 тг = 1 071 840 теңге

Барлығы 4 тоқсан бойынша автогаздың жалпы көлемі 44 660 л, 96 тг бағамен, жалпы сомасы 4 287 360 теңге (ҚҚС-сыз).

– Дизель отынының жылдық жалпы көлемін 4 тоқсанға бөлу:
I тоқсан – 5 970 л × 305 тг = 1 820 850 теңге
II тоқсан – 5 960 л × 305 тг = 1 817 800 теңге
III тоқсан – 5 960 л × 305 тг = 1 817 800 теңге
IV тоқсан – 5 960 л × 305 тг = 1 817 800 теңге

Барлығы 4 тоқсан бойынша дизель отынының жылдық жалпы көлемі 23 850 л, 305 тг бағамен, жалпы сомасы 7 274 250 теңге (ҚҚС-сыз).

2.Сондай-ақ, сатып алу жоспарына сатып алу тәсілін **БҚС (баға ұсыныстарын сұрату)** әдісінен **бір көзден сатып алу (мемлекеттік сатып алу емес)** тәсіліне өзгерту енгізу қажет, атап айтқанда:
– жоспардың №84140750 тармағы бойынша 163 800 теңге сомасына (баспа басылымдарына жазылу қызметтері);
– жоспардың №83939846 тармағы бойынша 479 704 теңге сомасына (мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қызметтері).

3. Корпоративтік хатшы А. Бөлебиеваның қызметтік хатына сәйкес, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарда корпоративтік басқару кодекстері бекітіледі, сондай-ақ кемінде үш жылда бір рет корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізіледі. Тәуелсіз бағалау нәтижелері акционерлік қоғамдардың интернет-ресурстарында орналастырылады. Осыған байланысты, корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізу мақсатында бюджеттен 6 000 000,0 теңге көлемінде қаражат сұратылып, сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу қажет.

4.Тұрақтандыру қорының басшысы М. Серікбайдың қызметтік хатына сәйкес, 2025 жылғы 11 қарашадағы Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін (ТҚЖҰ) іске асыру мәселелері бойынша өткен кеңестің № 21-ПР хаттамасының 2.3-тармағында Өңірлік әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының 1С бухгалтерлік жүйесін ТҚЖҰ платформасымен толық интеграциялауды қамтамасыз ету тапсырылған. Осыған байланысты, 1С бағдарламасын ТҚЖҰ платформасымен толық интеграциялау үшін бюджетке өзгерістер енгізе отырып және сатып алу жоспарына өзгеріс енгізу арқылы 2 500 000,0 теңге көлемінде қаражат сұратылуда.

5. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның «Достық үйі» жаңа ғимаратына көшуіне байланысты, Қоғам құжат айналымының үздіксіздігін және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын

қамтамасыз ету мақсатында жаңа нысанға интернет және телефон желілерін жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Осыған байланысты, С. Бейбарыс көшесі, 3Б мекенжайында орналасқан ғимаратқа интернет және телефон желілерін жүргізу, сондай-ақ өзге де ілеспе жұмыстарды орындау үшін 2 891 500 (екі миллион сегіз жүз тоқсан бір мың бес жүз) теңге көлемінде қаражат бөлу және сатып алу жоспарына енгізу мәселесін Басқарма отырысының қарауына шығаруыңызды сұраймын.

6. Несиелеу бағдарламалары бойынша құжаттар тізбесіне сәйкес, қарыз алушылардың кредиттік жүктемесін айқындау мақсатында «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-нен (бұдан әрі – БКБ) кредиттік есеп алу қажет.

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ жыл сайынғы негізде БКБ-мен шарт жасасып келеді.

Осыған байланысты, 2026 жылға арналған Бюджет жоспарына және сатып алу жоспарына өзгерістер енгізу мәселесін Басқарма отырысының күн тәртібіне енгізіп, «БКБ» ЖШС-мен 100 000 (жүз мың) теңге сомасына шарт жасасу мәселесін қарау сұралады.

7. Осы бұйрықтың орындалуын Басқарма басшысының орынбасары А.Дуйсенбаевқа жүктелсін.

Негіздеме: Басқарманың 29 қаңтардың №4 хаттамасына сәйкес, және 3,4 ақпандағы 2026 жылғы №5,6 хаттамасына сәйкес.

Басқарма Төрағасы **Е.К.Бердибаев**